"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Байзақ аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Сарыкемер а. **Бұйрық № 258-Ө** **20.03.2025ж.**

"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Байзақ аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бір көзден келісім шарт жасау туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2024 жылғы № 106-VIII Заңының 6 бабының 4,5,6-тармақтарына сәйкес жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізіде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 01 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бап 3-тармақ 28-тармақшада көрсетілген заңды негізге ала отырып "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Байзақ аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бір көзден ЖШС «LK Astana» келісім шарт жасалынсын:
2. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілсін.
3. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары мемлекеттік сатып алу порталына енгізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Байзақ аудандық орталық ауруханасының үнемдеу жөнінде орынбасары Т. Кондауроваға жүктелсін.

Басшы Рыскулов Ж.О.

Қызметтік хат

Қазақстан Республикасы Заңының 28-тармақша 3-тармақ 16-бабына сәйкес егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы, сондай-ақ бағдарламалық жасақтама қолдану құқығына лицензия ұсыну бойынша қызмет көрсетулер немесе бағдарламалық жасақтама қолдану құқығына лицензия ұсыну бойынша қызмет көрсетулерді кепілдік берілген жеткізушімен сатып алу.

Осылайша, 1-тармақтың 3-бабына сәйкес, сонымен қатар, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, келісім-шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңда көзделген мемлекеттік сатып алудың қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады. Осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшалары.

Тармақтарда көзделген қағидаттарды сақтау мақсатында, тапсырыс беруші Заңның 5-бабының 1), 4), 6) және 7) тармағында әлеуетті өнім берушіден баға ұсыныстарын сұраған: "LK Astana" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жалпы соммасы : 1тындаушыға 80000 тенге.

Қағидалардың 510-тармағына сәйкес серіктестік бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы қызметтік жазбаны көрсете отырып, тікелей келісім-шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті хабарлайды.

Жоғарыда келтірілген уәждерге сүйене отырып,"LK Astana " жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен веб-портал арқылы бір көзден, тікелей қорытынды жасау арқылы келісім-шарт жасауды дұрыс деп есептейміз.

МСА есепшісі Бейсеубаева П.Б.